

Тексерілді:   
Өдіскер: Уразалина Г.Б.

Келісілді:   
Менгеруші: Курманова Л.Б.

## «Мен елімнің патриотымын»

Танымдық іс-әрекет

Ересек «Балдырған» тобы

Тәрбиеші: Таужанова А.Т.

Мамыр, 2023ж

Тақырыбы: «Мен елімнің патриотымын»

Міндеттері: Балаларға 7-мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Ұлы Отан соғысының мазмұнын әңгімелеп, осы соғыста ерлік көрсеткен батырлармен таныстырып, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету. Көркем сөз арқылы сөздік қорларын дамыту. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Елін, жерін жаудан қорғау білуге, өз елінің патриотты азаматы болуға тәрбиелеу.

ҚР әнұран орындау.

Миға шабуыл.

-Балалар біз қандай елде тұрамыз?

-Қазақстанда.

-1 мамыр қандай мереке болды?

-Ынтымақ, бірлік күні

-Дұрыс айтасындар! Мамыр-достық, бірлік күнін атап өттік. Бейбітшілік сыйлаған ата-бабаларымыздың ерліктерін мәңгі ұмытпаймыз, солардың арқасында біз шаттықты, бақытты өмір сүрудеміз, балабақшаға келеміз, ойнаймыз, ұйықтаймыз. Біздің түнгі тыныш ұйқымызды күзететін Отан қорғаушыларымыз бар яғни олар сендердің ағаларың. Соғыс болмас үшін, тыныштық пен бейбітшілік сақтау үшін бүкіл әлем мен біздің Отанымыздың шекарасында Отан қорғаушылар тұрады.

**Бейнебаян «Отан қорғаушылар»**

Енді осы ағаларымыздай батыр боламыз деп, Отан қорғаушыларға арналған тақпақтарымызды айтайық.

Райымбек:

Отан үшін жанымызды береміз,

Отан үшін барлығына көнеміз.

Отанның да, ананың да алдында

Осы өмірге парызды өтеп кетеміз.

Жаннұр:

Сарқылмайтын қуатым

Тірегімсің сен Отан

Мәңгі соғып тұратын,

Жүрегімсің сен Отан.

Көркем:

Туған жерде толамыз,

Ертең жігіт боламыз.

Отан ортақ үйіміз,

Көңілді ән мен күйіміз.



Рашида:

Отан -сенің ата-анан  
Отан- досың бауырың.  
Отан- өлкең ,астанан,  
Отан- аудан, ауылын.

Ханшайым:

Бақытты боп жүргенім,  
Сенің арқан, Ұлы Отан.  
Елім менің –тірегім,  
Құшағынды гүл атам.

Аяла:

Тарихы бар дастанындай ерліктің,  
Дәстүрі бар үлгісіндей ерліктің.  
Қазақстан алтын бесік Отаным  
Ұлы ортасы татулықпен теңдіктің.

Балалар Отан қорғаушылардай сендерде үлкен азамат болғанда әскери қызмет етуге барасындар,Отанымызды қорғап нағыз жігерлі азамат,сарбазға айналасындар.

Енді біз «Біз сарбазбыз ойынын» ойнайық.

**Шарты:** Балалар үш шеңбер жасап тұрады.Әр шеңбер өз тапсырмасын алады.

1-шеңбер «Ұшқыштар»

2-шеңбер «Атты жауынгерлер»

3-шеңбер «Жаяу әскерлер»

Ұшқыштар қолдарын екі жаққа

жайып өз шеңберін де «Ұшқыштар ұшады»,Басқалары қарап тұрады.

Музыка ойнағанда «Жаяу әскерлер» адымдайды, келесі музыкада «Атты жауынгерлер» шабады,олар ат шабысын салады.Музыкаға сәйкес ұқыпты орындағандар жеңіске жетеді.

Жеңіс күні 9-мамыр бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен домасында қайсарлықпен шайқасқан. Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам. Ұлы Отан соғысына қатысқан: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдиновт.б. және де өз жерлестерімізде бар. Осы кісілерге құрметпен бас неміз.



**Отан туралы мақал-мәтелдер:**

**Бөрте:**

Орағың өткір болса, қарың талмайды,  
Отаның берік болса, жауың алмайды.

**Айзере:**

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.

**Ғазиза:**

Отан кәдіріне жетпеген өз кәдіріне жетпейді.

**Дю:** «Көлеңкесін тап»

**Шарты:** Балалар алдарына берілген әскери құралдардың көлеңкесін тауып қояды.



**Дю:** «Әскери қызметкерлер»

**Шарты:** Танкшы, ұшқыш, теңіз әскері, шекарашыға қатысты заттарды тауып орналастырады.

